



Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
Сот кабинеті | "Төрелік" АЖ

Судебный кабинет | ИС "Төрелік"
Верховного Суда Республики Казахстан

Judicial office | IS "Torelik"
of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan

Құжат нөмірі (номер документа): 196001L03831389

Жіберілген күні (Дата отправки): 08.07.2022

Наименование области: город Нур-Султан

Наименование суда: Верховный Суд Республики
Казахстан (Кассационная
инстанция)

Отправитель: А Я П БАХЫТЖОЛ
СЕЙТКӘРІМҰЛЫ

ПИСЬМО

алғыс хат

Перечень прилагаемых документов:

1. алғыс хат.docx


СУДЕБНЫЙ КАБИНЕТ
JUDICIAL OFFICE
СОТ КАБИНЕТИ



ЖОҒАРҒЫ СОТ
ТӨРЕЛІК

ВЕРХОВНЫЙ СУД -KZ- SUPREME COURT

Подписал(а) АЯП БАХЫТЖОЛ СЕЙТКӘРІМҰЛЫ



**Қазақстан Республикасы Жоғарғы
Сотының төрағасы
Ж.Қ.Асановқа**

Аяп Бахытжол Сейіткәрімұлынан,
мекен-жай: Шымкент қалсы,

АЛҒЫС ХАТ

Құрметті Жақып Қажманұлы!

Біздің отбасымызда жалғыз баспанадан айырылып қалу қаупі төніп, тергеу және сот тартыстарын бастан кешіріп, ақырында соттың әділ шешімімен нүкте қойылды.

2020 жылдың желтоқсан айында зайыбым А.Аяптың «Камшат» есімді танысы арқылы «Ұлсерік» және Б.Қаратаев деген азаматтармен танысып, олар бізге тұрғын үйді кепіл ретінде ауылшаруашылық мақсатындағы жеңіл пайызбен несие алуға көмектесеміз деп Р.Пайсханов деген азаматпен жолықтырды. Соңғысы бізге 20 млн. теңгеге дейін жеңіл пайызбен несие алуға болады, ол үшін Б.Қаратаевтың бизнес жоспарына қосылу керек және тұрғын үйді Б.Қаратаевтың атына формальды түрде аударып беру керек деп сендірді.

Осы талаптарға сеніп және келісіп, мен әйелім екеуіміз 7 желтоқсан 2020 жылы тұрғын үйді сату-сатып алу жөнінде Б.Қаратаевпен шарт түздік, алайда шартта көрсетілген 10 000 000 теңге ақша алыс-беріс болған жоқ.

Р.Пайсхановтың несие алып беру уәдесі орындалмады. 2021 жылдың жаз айында Б.Қаратаев бес күннен кейін, яғни 12 желтоқсан 2020 жылы аз-ша Г.Алтауоваға, ал ол өз кезегінде 2021 жылы сәуір айында М.Серикбаевқа менің тұрғын үйімді рәсімдеп бергенін білдім. Біз отбасымызбен даулы үйде тұрып жатып, бұл «сатып алушылардың» үй қарауға келгенін көрген емеспіз. Сол себепті аталған адамдардың үстінен полицияға арыз бердім. Р.Пайсханов жеңіл пайызбен несие алып беремін деп бірнеше азаматтарды алдап ақшаларын жымқырғаны анықталып, ол қамауға алынды.

Р.Пайсхановқа қатысты қылмыстық іс сотқа жолданбай жатып, М.Серикбаевтың бізді отбасымызбен даулы үйден мәжбүрлеп шығару туралы талап қою арызы Шымкент қаласы Абай аудандық сотының судьясы М.Ж.Кудайбергенованың өндірісіне қабылданды.

Осы сот процесінде мен Б.Қаратаевпен жасалған шартты жарамсыз деп тану туралы қарсы талап қойдым.

Судья М.Ж.Кудайбергенова жоғарғы біліктілігімен, тараптардың уәждерін толық, жан-жақты қарап, адамгершілік пен әділеттілік қағидаларын ұстанып, менің тұрғын үйді сату емес несие алу үшін шартты түзгеніме, ал кейінгі сату-сатып алу шарттары өзара қарыздардың орнын жабу үшін жасалғанына көз жеткізіп, менің талабымды қанағаттандыру туралы әділ шешім шығарды. Бұл шешім апелляциялық сатыда қаралып, өзгеріссіз қалдырылды.

Мен Сізге судья М.Кудайбергеноваға шексіз алғысымды білдіріп, осы хатты жолдап отырмын.

Құрметпен
Аяп Б.С.